

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сайлау комиссиялары шешімдерінің заңдылығын тексеруі туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 10/10 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 19 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1243. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 91 /183 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңның 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сай Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2
3

Т ө р а ғ а

Хатшы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының күші жойылған қаулыларының тізбесі

1

2. "Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы сайлау комиссиялары шешімдерінің заңдылығын тексеруі туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 10/10 қаулысы (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізіліміне 200 жылғы 19 тамызда тіркелген, тіркеу N 1243).

3
4
5

6.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Z952464_ Конституциялық заңның 12 бабы 1) тармақшасына және 43 бабы 9 тармағына сәйкес Қазақстан

Республикасының Орталық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Орталық сайлау комиссиясы сайлау комиссияларының хаттамаларында кателерді, сәйкессіздіктерді анықтаған болса, сондай-ақ дауысты есептеудің дұрыстығына күмәнданатын болса, жіберілген сайлау заңдарын бұзушылықтарды тексеру үшін тиісті сайлау комиссиясынан қандай болмасын сайлау құжаттарын, сайлау бюллетеньдерін талап етсін.

2. Сайлау заңдарын бұзушылықтар анықталған жағдайда сайлау комиссиясының тиісті, сайлау заңдарын бұзушылықпен қабылданған, шешімінің күші жойғызылсын және бұл жайлы сол сайлау комиссиясы хабардар етілсін.

3. Сайлау комиссиясы шешімінің күші жойылған жағдайда, мәселенің мәні бойынша жаңа шешімді, шешімінің күші жойылған, комиссия немесе жоғарғы сайлау комиссиясы қабылдайды.

4. Сайлау бюллетеньдерін, учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларын, сайлаушылар тізімдерін тексеру кезінде сайлаушылардың ерік білдіруін нақты анықтауға мүмкіндік бермейтін бұзушылықтар анықталған болса, сол сайлау учаскесіндегі сайлауды жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдансын.

5. Сайлау учаскесіндегі сайлау жарамсыз деп танылған болса, осы сайлау учаскесіне қатысты, барлық мағлұматтар тиісті округтік сайлау комиссиясының хаттамасынан шығарылсын.

6. Сайлау учаскелерінің жартысындағы сайлаулардың жарамсыз деп танылуы сайлау округіндегі сайлауды жарамсыз деп тануға негіз болады.

7. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оны тіркеген сәттен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң

Төрайымы